Инсайдерлік ақпарат тізімі [1]

1. Банктің инсайдерлік ақпаратына келесі ақпарат жатады:

1) тізбесі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабының 5-тармағында айқындалған эмитент (Банк) - акционерлік қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат, атап айтқанда:

а) акционер/акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;

б) эмитенттің (Банктің) басқару органының, атқарушы органының құрамын көрсете отырып, эмитенттің (Банктің) басқару органын, атқарушы органын сайлау, сондай-ақ эмитенттің (Банктің) басқару органының, атқарушы органының құрамындағы өзгерістер туралы шешімдер;

в) эмитенттің (Банктің) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер құрамындағы өзгерістер;

г) эмитенттің (Банктің) Директорлар Кеңесі немесе акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің (Банктің) тиісті органы қабылдаған, осы шешімдерді қабылдауға уәкілетті келесідей шешімдер:

акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы;

акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы;

егер қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан асатын болса және оларды сатып алу бағасы эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алуы;

облигациялар және туынды бағалы қағаздар шығару;

бір мезгілде келесідей шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелер болып табылады.

д) акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін акционерлік қоғамның жай акцияларына айырбастау;

е) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастау;

ж) эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызына ие болатын ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;

з) акционерлік қоғамның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделігі бар

---

[1] 5-тарау Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымының инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану жөніндегі саясаты Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Директорлар Кеңесінің 27.07.2021 ж. №28/2021 хаттамасымен бекітілді.

және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасасуы кезінде пайда болады.

Нәтижесінде акционерлік қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары туралы мәліметтер, сондай-ақ бар болса, мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

и) эмитентті (Банкті) мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімдері;

к) эмитент (Банк) активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға эмитенттің (Банктің) мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ эмитент (Банк) активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға эмитенттің (Банктің) мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу;

л) құны эмитент (Банк) активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын эмитенттің (Банктің) мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу);

м) Эмитенттің эмитент (Банк) активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы;

о) нәтижесінде эмитенттің (Банктің) баланстық құны эмитент (банк)активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлар басталған кезде;

п) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалған жағдайда;

р) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру);

с) мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызмет түрлерін өзгертуі;

т) эмитенттің (Банктің) жарғысына және эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес эмитент (банк) акционерлерінің (қатысушыларының) мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

2) эмитенттің (Банктің) қызметіндегі, оның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын, "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабының 2-тармағында көрсетілген өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат қоса беріледі. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын эмитент (банк) қызметіндегі өзгерістерге келесілер танылады:

а) эмитенттің (Банктің) корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;

б) жыл қорытындысы бойынша эмитенттің (Банктің) атқарушы органы мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;

в) эмитенттің (Банктің) үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

г) Банк эмитентінің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (қатысушылар) құрамының;

д) эмитент (Банк) әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп процентін иеленетін ұйымдар тізімі;

е) эмитенттің (Банктің) жылдық қаржылық есептілігі және эмитенттің аудиторлық есептері (аудиторлық есептерді ашуды «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті аудитке жататын эмитенттер жүзеге асырады);

ж) енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығарылымының проспектісі;

з) акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп.